

Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ-нің
«№1 Алға мектеп-бақшасы» КММ- сі қамқоршылық кеңес №5 отырысының
ХАТТАМАСЫ

Өткізілген уақыты: 31.05.2024 ж.

Күн тәртібінде:

1. Мектеп басшысының есебі.
2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру.
3. 2024-2025 оқу жылындағы оқушылардың мектеп формасы туралы.

Тыңдалды:

Мектеп директоры Г.Махамбетова мектептің қамқоршылық кеңесінің отырысында оқу жылының соңында жыл бойы атқарылған жұмыстарға қорытынды жасап, есеп берді. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Нуртуякова 2024-2025 оқу жылындағы оқушылардың мектеп формасы туралы айтып өтті. Мектеп формасының түсі қою кара көк болып өзгертілгендігі туралы айтылды.

Ер балалар үшін мектеп формасы: қою кара көк түсті пиджак, классикалық үлгідегі шалбар (еркін тігілген және тобықты жауып тұратын болу керек), мерекелік ақ жейде, күнделікті бірыңғай көк түсті жейде. Ұлдардың шаш үлгісі қысқа, классикалық үлгіде болу керек. Шашты тықырлап алуға, тұлым қоюға тыйым салынады.

Қыз балалар үшін мектеп формасы: қою көк түсті пиджак, юбка ұзындығы тізе тұсында (ұзындығы тізеден 5 см-ден жоғары немесе төмен болмауы керек), мерекелік ақ жейде, күнделікті бірыңғай көк түсті жейде. Қыздардың шаш үлгісі түйіліп жиналатын немесе өрілген болу қажет. Қыз балаларға мектепке туфлимен келуге, бет әрлейтін заттарды қолдануға рұқсат етілмейді. Сондай-ақ көлемді сырға, моншак, белдемше тағуға тыйым салынды.

Жазғы уақыттары оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектеп жанындағы «Балдырған» ойын алаңының жұмысы айтылды. Сонымен қатар мектеп жанында оқушыларға қарасты бассейннің қойылуы жөнінде талқыланды.

ШЕШІМ


1. 2023-2024 оқу жылындағы мектептегі оқу - тәрбие жұмыстары есебі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Оқушылардың жазғы демалысы жүйелі түрде ұйымдастырылып, өткізілсін.
3. 2024-2025 оқу жылындағы оқушылардың мектеп формасымен толық қамтылуы туралы ата-аналарды хабардар етіп, ұйымдастыру жұмыстары жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы:



Ержанов Казбек Есбосынович

Мүшелері :



Баймуратова Батима Барлықовна
Суйесенова Нағима Жумағалиевна
Махатов Азамат Абылғазиевич
Сайманов Серик Адайбаевич
Базарбай Айнұр Мұратқызы
Бекназар Мәншүк Өмірзаққызы

Хатшы:



Нуртуякова Жаннат Агадиловна